

конкретизируются и развиваются права, заложенные в его предшественниках, с целью улучшения их реализации.

В настоящее время Закон об АО является действующим законодательным актом, хотя в него неоднократно вносились изменения и дополнения. Вместе с тем большинство таких изменений и дополнений связано именно с совершенствованием корпоративного законодательства Казахстана. Следует отметить, что по своей структуре новый Закон об АО регулирует практически те же аспекты корпоративных отношений, что и предыдущий закон. Вместе с тем ряд существенных моментов получил более детальную регламентацию: к ним относятся вопросы, связанные с понятием и статусом аффилированных лиц общества, условия их взаимодействия с обществом; финансовой отчетности и аудита общества; раскрытия информации; осуществления крупных сделок и сделок, в которых имеется заинтересованность, и другие аспекты.

Обобщая вышеизложенное описание, хотелось бы отметить, что историю развития акционерных обществ можно разделить по нескольким периодам: 1) имперский период развития (дореволюционный); 2) революционный период развития (1917-1918); 3) период НЭПа; 4) советский период; 5) современный период. Каждый из этих этапов имеет свои отрицательные и положительные моменты. Поэтому в дальнейшем при реформировании законодательства, регулирующего акционерные отношения, необходимо учитывать весь многолетний положительный опыт, накопленный предыдущими поколениями.

1. Кулагин М. И. Избранные труды. – М.: Статут, 1997. - С. 6.
2. Берзон Н.И., Ковалев А.П. Акционерное общество: капитал, правовая база, управление: практическое пособие для экономистов и менеджеров. – М.: Финстатинформ, 1995.- С. 157.
3. Метелева Ю. А. Правовое положение акционера в акционерном обществе. – М.: Статут, 1999. – С. 189.
4. Тарасов И. Т. Учение об акционерных компаниях. – М.: Статут, 2000. – С.110.
5. Акционерные общества: Законодательные акты СССР и РСФСР. Нормативные материалы министерств и ведомств. Регистрационные документы. – М.: Центр-Сфера, 1991. - С. 5.
6. Пахман С.О. О задачах предстоящей реформы акционерного законодательства. Речь, написанная для произнесения в торжественном собрании императорского Харьковского Университета 30 августа 1861 г. – Харьков: Векъ, 1861. - С.10.
7. Байсалов С.Б., Басин Ю.Г. Хозяйственное законодательство Казахской ССР. – Алма-Ата: Жеті Жарғы, 1991. – С. 284.
8. Сулейменов М.К. Собственность, развитие совместных предприятий и право // Право собственности в условиях совершенствования социализма. – М, 1989. - С. 30-38.
9. Карагусов Ф.С. Основы корпоративного права и корпоративное законодательство Республики Казахстан. Издание второе дополненное. - Алматы: Братусь, 2011.- С. 40.

Бұл мақала Қазақстан Республикасында акционерлік қоғам туралы заңнаманың туындау тарихын қарастырады.

Current article examine the history of joint-stock companies legislation formation in Republic of Kazakhstan.

А.Д. Омарқұлова

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Авторлық құқық – цивилистік категориялардың бірі бола отырып, ғылым, әдебиет және өнер салаларындағы тұлғаның шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын туындыларды пайдалануды реттеуге және қорғауға бағытталған нормалар жиынтығы болып табылады. Әртүрлі құқық жүйелеріндегі оның түсінігі, ұғымдары түрлі өзіндік ерекшеліктерге ие және де оның мазмұны авторлық құқық («copyright») және автор құқықтары («droit d'ayter») терминдерімен сипатталады [1,345 с].

Халықаралық деңгейде авторлық құқық туралы идея көптеген зерттеушілердің (отандық та, шетелдік те) айтуынша кітап басу ісімен және техниканың пайда болуымен тікелей байланысты XVI ғасырда пайда болды. Бұрын баспа ісі жоқ кезде қолжазбаны көбейту өте қиын болатын да, автор мүлкіне қол сұғу сирек кездесетін. Кейіннен, XVI ғасырда Иоганн Гутенберг жылжымалы литерді ойлап тауып, кітап басатын станок дүниеге келісімен кітап шығару күрт өсіп, шығарма иесіне пайда түсіре бастады. Шығармашылық еңбек саудаға айналды. Бұл авторлардың осындай туындыларды еркін пайдалануына тежеу бола тұрса да, осы туындыларды пайдалануды реттеуге байланысты сауалдар авторлардың құқықтарын қорғау негізінде емес, кәсіпкерлердің – баспашылар мен кітап сатушылардың мүдделерінің қозғалуымен пайда бола бастады. Яғни, жақсы кітапты ұрлап шығаратындар, біреудің шығармасын екіншілердің жөнсіз пайдаланып кетуі, кітап басу арқылы пайда табатындардың арасындағы бәсекелестік алғашқы «әдебиет қарақшыларын» тудырды. Баспа

өнімдерінің экономикалық пайдасымен қоса, саяси және әлеуметтік күш-қуатын тани білген билік иегерлері XV ғасырдың аяқ шенінде ыңғайлы жеке баспагерлерге ғана ерекше мүмкіндік тудырып, қалғандарын патшалар мен корольдердің жарлығы арқылы тежеп реттеп, басқарып отырды, яғни Англия мен Францияда корольдермен, германдық князьдықтарда – князьдармен, т.б. берілетін күзіреттер жүйесі орнықтырылды.

Англо-американдық құқық жүйесі елдерінде авторлық қарым-қатынастарды реттеуде сот прецедентімен қатар маңызды рольге заңнама ие болады. Тарихқа үңілетін болсақ, Еуропадағы осы аядағы алғашқы Заң XVII ғасырда дүниеге келді. Ағылшын баспагерлері мен кітап саудагерлері компаниясының автор құқығын қорғауға байланысты талаптарына сәйкес әзірленген заң жобасы 1709 жылы талқыланып, ол 1710 жылдың сәуірінде «Королева Аннаның Статуты» деген атпен күшіне енді. Бұл заң, басында тек баспагерлердің ғана мүддесін қорғап, кейіннен басқа буржуазиялық мемлекеттермен қабылданып, туындыға айрықша құқықтарды қорғаудың фундаменталды қағидаларын бекітті. Қазіргі кезде Англияда 1956 жылғы заңның орнына келген 1988 жылғы Авторлық құқық туралы заң жүзеге асуда және бұл заңның күші алғашқысы сияқты бүкіл Ұлыбритания территориясында таралады. Ал суретшілердің авторлық құқығы туралы заң Англияда 1735 жылдың өзінде қабылданған еді [2, 13-156.].

Әдеби меншік туралы ұғым Францияда бұрыннан пайда болғанымен, ол 1977 жылы XVI Людовиктің күш салуымен бір жүйеге келтіріліп, автордың өз шығармасын басып шығаруын және сатуына деген құқығы заңдастырылды. Ал 1791 және 1793 жылғы декреттерде автор өз шығармасын қалай пайдаланып, қанша рет басып шығарамын десе де еркі бары айрықша айтылған [3, 216.].

Германияның әртүрлі аймақтарында автордың құқығын мойындайтын құжаттар 1686 жылдан бастап қабылданғанымен, Бүкілгерманиялық алғашқы Заң 1837 жылы жарық көрді.

Ал Дания мен Норвегияда 1741 жылы қабылданып, 1814 жылға дейін күшін сақтаған декретте автор мен оның мұрагерінің құқығы өмір бойы сақталды. 1762 жылы Үшінші Карлдың патшалығы кезінде Испанияда қабылданған Заң кітап шығаруға тек автордың айрықша құқы барын бекітті.

Санаткерлік меншікті қорғауда өз жүйесін қалыптастырған Америкада авторлық құқық туралы заң тұңғыш рет 1790 жылы қабылданған болатын. Авторлық құқықты қорғаудың американдық жүйесі қазір әлемнің қай еліне болса да өз ықпалын тигізіп отырғаны ақиқат. Өйткені жыл сайын мемлекет бюджетіне 350 миллиард доллар пайда келтіретін санаткерлік меншікке иелік жасап, азаматтарының шығармашылық қызметінің табыстарын қорғау арқылы ел байлығын еселей түсуге болатындығы әркімге ақиқат. Сондықтан бұл елдің осы аяны дамытуға күш-жігерді де, қаражатты да аямайтындығы сөзсіз [4, 176.].

Ресейге келетін болсақ, әдеби туындыларды қайта шығару және таратумен байланысты қарым-қатынастарды реттеу баспашылар мен кітап сатушылар құқықтарын да, авторлар құқықтарын да қорғау үшін пайда болған жоқ. Ресей авторлық құқығының негізгі ерекшелігі оның цензуралық заңнамамен байланысы болып табылады. 1771 жылға дейін кітап шығарушылық қызмет Ресейде мемлекеттік монополиялар қатарына жатқызылып келді. 1771 жылы Петербургте шет тілдерінде кітап басып шығаруға байланысты күзіреттер енгізіліп, сол кезде шетел әдебиеттеріне цензура енгізілген еді. Орыс тіліндегі кітаптарды басуға мүмкіншілігі бар жеке типографияларға келетін болсақ, оларды құруға рұқсат тек 1783 жылғы 15 қаңтардағы жарлықпен ғана беріліп, ол 13 жылдан кейін өте либералды нормативтік акт ретінде күшін жойған еді. Мемлекеттің кітап шығару аясындағы үстем ролі Ресейде XIX ғасырдың ортасына дейін сақталып келді. Ең бірінші авторлардың өз әдеби туындыларына құқықтарын бекітетін заң тек 1828 жылы Цензуралық жарғының арнайы бір тарауы ретінде пайда болды және оның бастау көзінде орыстың ұлы драматургтері А.Н. Островский, А.К. Толстой, И.С. Тургенев, Н.С. Лесков сияқты алыптар тұрды. 1875 жылы оған Н.А. Римский-Корсаков бастаған композиторлар келіп қосылды [5, 36-376.].

Қазіргі кезде Францияда жүзеге асып отырған авторлық құқық туралы негізгі заң 1957 жылы 11 наурызда қабылданған Әдебиет және көркемөнер меншігі туралы заң (соңғы өзгерістер 1985 жылы жасалған), ал ГФР-дегі авторлық құқық туралы негізгі заң болып 1965 жылы 9 қыркүйекте қабылданған Авторлық және сабақтас құқықтар туралы заң (соңғы басты өзгерістер 1972-1974 жылдары енгізілген) және осы заңмен қатар қабылданған Авторлық құқықтарға билік ету туралы (авторлық қоғамдар туралы) заң танылады [6, 366б.].

Авторлық келісім шарттар германдық Азаматтық Ережелерде көрініс тапқан келісім-шарттық құқық нормаларымен, 1922 жылы 7 желтоқсанда қабылданған швейцарлық Әдебиет және көркемөнер туындыларына авторлық құқық туралы федералдық заңымен (соңғы өзгерістер 1955 жылы енгізілген) реттеледі. АҚШ-та 1976 жылы Авторлық құқық туралы жаңа заң қабылданып (титул 17 «Авторлық құқық» Құрама Штаттардың заңдар Бостандығы), ол 1978 жылы 1 қаңтарда күшіне енді. 1988 жылы АҚШ-тың Берн конвенциясына қосылуымен байланысты оған өзгерістер енгізілген еді. Авторлық

қарым-қатынастар АҚШ конституциясына сәйкес жекелеген штаттардың заңнамаларымен емес, федералдық заңнамамен реттеледі, сол себепті, 1976 жылғы заң да, оған дейінгі заңдар сияқты федералдық болып табылады [7, 471б.].

Сонымен, Еуропа елдерінде де, Ресейде де авторлық құқық алғашында әдеби туындыларды пайдалану құқығы ретінде көрініс тапқан еді. Кейіннен, авторлық құқықпен қорғалатын объектілер шеңбері кеңіп, өз қатарына музыкалық, көркемсурет және басқа да туындылар түрлерін қоса түсті.

Тарихи түрде авторлық құқықтың жүзеге асуы – автордың азаматтығы немесе қай елге бағыныштылығына байланысты анықталып келген еді. Бұдан қазір де орын алып отырған авторлық құқықтың территориалдық қағидасын көруге болады. Уақыт өтісімен, бір мемлекет азаматтарының өз туындыларын пайдалануға байланысты құқықтарының басқа мемлекеттер территорияларында да қорғалуы аса қажет етіле бастады. Бірақ, бұл мәселе терең түрдегі ізденіс пен шешімді қажет етті. Яғни, халықаралық байланыстың дамуы санаткерлік меншік иесін анықтап, оны тудырушы ел мен пайдаланушылар арасындағы қарым-қатынасты реттеудің, яғни, осы саланы бір жүйеге келтіретін халықаралық заңдарды қабылдаудың қажеттігін тудырды.

Бүгінгі таңда Қазақстан авторлық құқықтар жөніндегі мынандай халықаралық және аймақтық келісімдер мен конвенциялар талаптарын орындауға міндеттенуде:

1. Бір ғасырдан астам тарихы бар Әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы тұңғыш конвенция 1886 жылы 9 қыркүйекте Бернде қабылданды. Берн Конвенциясына бірнеше рет толықтырулар, өзгертулер енгізілгенімен оның жалпы қағидалары толық сақталған және ол барлық қатысушы елдерге ортақ болып саналады. Республика Президенті «Қазақстан Республикасының Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн Конвенциясына қосылу туралы» Заңына 1998 жылдың қарашасында қол қойды. Осы арқылы Қазақстан өзінің шығармашылық еркіндігін, санаткерлік потенциалды қорғау қағидаларының жолын берік ұстай отырып, әлемдік қауымдастыққа лайықты орын алуға ұмтылысын дәлелдей түсті.

Берн Конвенциясына қосылған барлық елдер авторларының құқықтарының тең қорғалуы – осы құжаттың басты шарты. Яғни, әр тарап өз заңдарына сәйкес сол мемлекеттің азаматы болып табылатын авторлардың, сондай-ақ басқа ел авторларының да құқықтарын тең дәрежеде қорғауды жүзеге асыруға міндеттенеді. Шығармашылық еркіндікке осылайша жол ашу конвенцияға қосылған барлық елдерге тән сипат. Сонымен, Берн Конвенциясына қосылу арқылы, біз үшін:

осы Конвенцияға мүше болу арқылы Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіру мүмкіндігі артады;

ең бастысы, Берн Конвенциясына республиканың өзінде де, басқа елдерде де авторлық құқықты тиімді қорғауға сенімді алғышарт орнайды;

2. Берн Конвенциясындағы авторлар құқықтарын қорғаудағы қатаң талаптар мен тәртіптердің орын алуын, материалдық-құқықтық нормалар аздығын, ұлттық заңнамаларға сілтемелердің көптігін негізге ала отырып, дамушы елдердің мүдделерін ескеру мақсатында 1952 жылы 6 қыркүйекте Женевада Дүниежүзілік авторлық құқық жөніндегі конвенциясының қабылданғандығын атап өтуге болады. Осы Конвенцияның кіріспесінде санаткерлік меншік саласындағы тұлғалардың құқықтарын сақтау, оларды сыйлау, әдебиет, ғылым және өнердің дамуына ықпал жасау – халықаралық өзара түсіністікке игі әсерін тигізетіндігі нық басып айтылған. КСРО аталмыш Конвенцияға тек 1973 жылы ғана қосылған болатын. Біздің мемлекетіміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін, Одақтың құқықтық мирасқорларының бірі ретінде аталған Конвенцияның мүшесі блып қалды. Осы екі Конвенциялардың да соңғы мәтіні 1971 жылы Парижде қабылданды [8, 28б.].

3. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы 1996 жылы 20 желтоқсанда Женевада қабылданған Туындылардың кейбір түрлеріне жекелеген құқықтарды қорғауға байланысты авторлық құқық туралы ДСМҰ келісім-шартына 2004 жылы 16 сәуірдегі Заңымен қосылды. Бұл келісім-шарт авторлық және сабақтас құқықтар субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етудің бірден-бір қайнар көзі десек қателеспеспіз.

4. Авторлық құқық идеясы мен жаңадан пайда болған құқықтар арасындағы компромисс жаңадан пайда болған объектілерге (орындау, фонограммалар, хабар таратушы ұйымдар бағдарламалары) қатысты алғашқы құқықтар авторлық болып табылмайтындығына, бірақ, санаткерлік меншік аясындағы құқықтарға жататындығында көрініс тапты. Сол себепті, 1936 жылдың өзінде Австрия мен 1941 жылы Италия орындаушылар мен дыбыс жазушыларға сабақтас құқықтарды ұсынды. Орындаушылар, фонограмма жасаушылар және хабар таратушылар құқықтары өзара ортақ бір институтқа біріктіру туралы идея орын алды, кейіннен бұл идея 1961 жылы 26 қазанда Римде қол қойылған Орындаушы-артистер, фонограмма жасаушылар және хабар таратушы ұйымдар мүдделерін қорғау туралы Халықаралық Конвенцияда (Рим конвенциясы) көрініс тапты [9,37б.]. Жаңа құқықтар

категориясын авторлық құқықтармен байланысын ескере отырып, оларды «жақын», «байланысты», «көршілес» немесе «сабақтас» құқықтар ретінде белгіледі.

5. Жыл өткен сайын фонограмманы заңсыз қайта өңдеу мен көшіріп көбейту кең етек алып, ол авторлардың, артист-орындаушылардың және фонограмма өндірушілердің мүдделеріне үлкен залал келтіруде. Дыбыс жазу техникасы мен жабдықтардың жедел жетілуі іс жүзінде бұл саланы, әсіресе дыбыс, дыбыс-бейне өрісін жекелеген жылпостардың пайдасына айналдырып отыр. Сол себептен де бірқатар мемлекеттер халықаралық ұйымдардың көмегімен Фонограмма жасаушылар мүдделерін фонограммаларын заңсыз қайта шығарудан қорғау туралы Конвенцияға (Женева, 1971 ж.) қосылуды мақсат тұтуда. 2000 жылдың маусымында Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі Женева Конвенциясына қосылу туралы» Заңға қол қойды. Сонымен қатар, сабақтас құқықтарға тікелей қатынасы бар конвенциялар қатарында 1974 жылы 21 мамырда қабылданған Спутник арқылы берілетін сигналдар бағдарламаларын тарату туралы Брюссель конвенциясын [2, 32б.] атауға болады.

6. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ДСМҰ-ның авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы Берн Конвенциясын дамытудың жалғасы болып табылатын 1957 жылы Женевада қабылданған Фонограмма өндірушілердің мүдделерін қорғау туралы Конвенцияға 2000 жылдың 7 маусымындағы Заңымен қосылды. Бұл конвенция туындыларды орындаушылардың, фонограмма өндірушілердің және хабар тарату ұйымдарының мүдделерін қамтиды және қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Халықаралық ұйымдардың сарапшылары ДСМҰ-ның аталмыш келісімге Қазақстанның қосылуы фонограмма өндірушілер мүдделері бойынша мемлекеттер арасында бай мәліметтер жиынтығын еркін пайдалануға және оларды тиімді түрде қорғауға мүмкіндіктер береді деп есептейді [11, 89б.].

7. Сабақтас құқықтар субъектілерінің мүдделерін қорғау аясындағы қайнар көздер қатарына, сонымен қатар, ҚР 16.04.2004 жылы №547-ІІ Заңымен қосылған 1996 жылы 20 желтоқсанда Женевада қабылданған Орындаулар мен фонограммалар бойынша ДСМҰ келісім-шартын жатқыза аламыз.

8. Қазақстан ТМД деңгейіндегі көпжақты және екіжақты келісімдерге де белсене қатысуда. Солардың ішінде ТМД-ның 9 мемлекет басшылары 1993 жылғы 24 қыркүйекте Мәскеуде қол қойған «Авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы» Келісімді және де 1998 жылы 6 наурызда Мәскеу қаласында қабылданып Қазақстанмен 2001 жылы 11 мамырдағы №201-ІІ Заңымен ратификацияланып, 2001 жылы 11 маусымнан бастап күшіне енген Санаткерлік меншік аясындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу аясындағы ынтымақтастық туралы Келісімін атауға болады. Енді бірі – ТМД Үкімет басшылары кеңесінің шешімімен 2000 жылы 20 маусымда бекітілген және ҚР Премьер-министрімен қол қойылған «Санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің бірлескен жұмыс комиссиясы туралы» Ереже. Сонымен қатар, осы сала қызметін ширата түсуге ықпал ететін жекелеген елдер Үкіметтер арасындағы Келісімдердің де алатын орны ерекше.

Сонымен, жоғарыда аталған көптеген елдер соңғы 20-30 жыл ішінде өзінің авторлық құқық туралы заңнамасын едәуір жаңартып отыр. Бұл өзгерістер көбінесе қорғалатын туындылар шеңберін кеңейту, авторлар мен басқа да құқық иегерлер құқықтарының көлемін ұлғайта түсу, жекелеген авторлық құзіреттерді және де туындыларды пайдалану мен көшіріп көбейтудің (қайта жаңғыртудың) жаңа техникалық тәсілдерінің (кабельдік телеарна, телебағдарламаларды спутниктер арқылы беру, көшірмелер жасау, т.б.) пайда болу нәтижесін одан әрі реттей түсумен тікелей байланысты. Авторлық құқықтар жөніндегі ресми құжаттар Қазақстанда тұңғыш рет ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында ғылыми-қоғамдық еңбектерде көрініс берді, ал одан соң қолданылып жүрген бірқатар заң ережелерінде, оның ішінде 1928 жылғы Заң кодексінде айқындала түскені мәлім. Дегенмен, бұл заңдар жүйесі 1917 жылғы 29 желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік баспа туралы» декреттен бастау алады. Қазіргі мемлекеттік кешенді заң жүйесіндегідей емес, ол кездегі заң ережелері әлемдік һәм аймақтық дәрежедегі көкейтесті мәселелерді шешуге, авторлық құқық саласының көптеген мәселелерін реттеуге дәрменсіз еді [11, 26б.].

Қазақстандағы авторлық құқықты қорғаудың мемлекеттік негізі 1973 жылы Бүкілодақтық Авторлық құқық жөніндегі агенттіктің (ВААП) Қазақстандағы бөлімшесі жұмыс істей бастаған күннен басталды. Авторлық құқықты қорғаудың жаңа кезеңі Қазақстанның тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты. 1992 жылы Бүкілодақтық Агенттіктің қазақ бөлімшесінің негізінде Қазақстанның авторлық құқық және сабақтас құқықтар жөніндегі Мемлекеттік Агенттік құрылды [12, 39б.]. Қазіргі кезде жүзеге асып жатқан 10 маусым 1996 жылы қабылданған «Авторлық құқық және

сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңы – авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады деп бекітеді (6-бап).

Конвенцияларға қосылу, Келісімдерге және Шарттарға қол қою біздің мемлекетке бірқатар жауапкершілік жүктейді, себебі, осы Келісімдер мен Шарттар арқылы белгілі міндеттемелер қабылданады. Бүгінгі таңда халықаралық ұйымдар, экономикасы дамыған өркениетті елдер Қазақстандағы санаткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелеріне түпкілікті назар аударып отыр. Олай дейтініміз, мысалға, Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы сауда қатынастары туралы 1992 жылдың 19 маусымында екі елдің Президенттері қол қойған Келісімдегі маңызды баптардың бірі – Тараптардың санаткерлік меншікті қорғау жөніндегі VII бабы болып табылады. Онда атап көрсетілгендей, тараптар әр елдің өз заңдарының ережелеріне сәйкес санаткерлік меншік құқығын қорғайды, соның ішінде әдеби, ғылыми және көркем туындылармен қоса ЭЕМ-ға арналған мәліметтер жиынтығы да бар. Кез-келген елдегі заңның тәжірибелік құндылығы оның неғұрлым тиімді түрде жүзеге асуымен тікелей байланысты. Авторларға кей кезде өз құқықтарын жеке дара жүзеге асыру қиын болған кезде авторлардың атынан олардың кейбір құқықтарын жүзеге асырушы арнайы ұйымдар құру тиімді тәсіл болатындығы сөзсіз.

Осы негізді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасындағы авторлық және сабақтас құқықтарды реттеу үшін 1996 жылдың маусымында қабылданған тұңғыш Заң актісі болып табылатын «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заң негізінде 1997 жылы «Қазақстан Авторлар Қоғамы» (ҚазАК) құрылды. Оның басты міндеті әдебиет және өнер туындылары авторларының мүліктік құқығын қорғауды Қазақстан аумағында және шетелдерде қамтамасыз ету [11, 77б.].

1. Деменкова Н.Г., Игнатова М.С., Стариков И.Ю.. Словарь латинских юридических терминов PDF. - М., 1994. - 568 с.
2. Антимонов Б.С., Флейшиц Е.А. Авторское право. – М., 1957. – 369 с.
3. Шершеневич Г.Ф. Учебник русского гражданского право. – М., 1995. – 421 с.
4. Гордон М.В. Советское авторское право. - М., 1955. – 317 с.
5. Сергеев А.П. Право интеллектуальной собственности в Российской Федерации. – М., 1996. – 358 с.
6. Гаврилов Э.П. Советское авторское право. – М., 1985. – 466 с.
7. Савельева И.В. Гражданское и торговое право капиталистических государств. - М.: Международные отношения, 1993. – 571 с.
8. Вольтер М.М. Связь и сопоставление Римской Конвенции, договора ВОИС по исполнению и фонограммам и Соглашения по аспектам прав интеллектуальной собственности, связанным с торговлей (Соглашения ТРИПС); развитие и возможное совершенствование охраны смежных прав, признаваемых Римской конвенцией // Бюллетень по авторскому праву. – 2000. – Т. XXXIV. – С. 28-40.
9. Copyright aspects of the preservation of electronic publications – Amsterdam; Institute for information Law, University of Amsterdam, 1998. – p.243
10. Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, 24.08.2009 // www.akorda.kz/kz
11. Оразалинов С.Ш. Право на права. – А.: Жеті жарғы, 2004. – 196 с.
12. Абдуразаков М.Г. Борьба с нарушителями на потребительском рынке // ИС: Авторское право и смежные права. – А., 2000. - № 1. – С.38-45.

В данной статье автором рассмотрены некоторые аспекты развития истории авторского права за рубежом и в Республики Казахстан и его правовые источники.

In this article the author discusses some aspects of the history of copyright abroad and in the Republic of Kazakhstan and its legal sources.

А.З. Амангалиева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ФАКТОРИНГТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде ақшалай талапты беріп қаржыландыру қатынастарын құқықтық реттеуге толығымен бір тарау арналған. Сонымен бірге, ақшалай талапты беріп қаржыландыру цивилистикада факторинг деп аталатыны баршаға мәлім емес.

Факторинг – ол сауда қызметін төлемді кейінге қалдыру шартымен жүргізетін тауар берушілер мен өндірушілер үшін көрсетілетін кешенді қызмет. Ағылшынның *factoring* сөзі *factor* - комиссионер, агент, делдал деген сөзінен шыққан – және тауар (қызметтер) берушінің дебиторлық берешегін оны өндіріп алу жөніндегі міндеттер мен төлем жасамау тәуекелін өзіне қабылдаумен сатып алуды